

№65 жалпы білім беретін орта мектеп қамқоршылық кеңесінің отырысы

Хаттама №6

30-мамыр

2023 жыл

Отырысқа қатысқан қамқоршылық кеңесі мүшелері саны: -7

Қатыспаған кеңес мүшелерінің саны : - 2

Сонымен қатар қамқоршылық кеңесі отырысына қатысқандар :

Б.Кабакбаев - Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

А.Умар - Әлеуметтік педагогы

Күн тәртібі:

1. Мектепте дәстүлі облыстық К. Нокин турнирін ұйымдастыру аудан мектептерінен командалар шақыру , жүлделер тағайындау жайлы.

2. Мектеп оқушыларының жазғы мектепшілік, қала сыртындағы лагерлеріне аз қамтылған отбасы оқушыларының баруын қамтамасыз ету.

Сөз сөйлушілер:

Г.Көшербаева: Қамқоршылық кеңес төрайымы: Осы оқу жылындағы алтыншы жоспарлы отырысымызды бастаймыз. Күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырып өтті.

1-ші мәселе бойынша Б.Кабакбаев - Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары сөз алды.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 1991 жылғы 15 наурыздағы Жарлығымен күн мен түннің теңелген мезгілі, Ұлыстың ұлы күнін «Халықтық көктем мерекесі – Наурыз мейрамы» ретінде ресми тойлау бекітілді. Ал, 2009 жылы 22 сәуірде «Мерекелер» туралы Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізіліп, Наурыз мейрамы 21-23 наурыз аралығында атап өтілетінін айтты. Наурыз мерекесін тойлаудың негізгі мақсаты–Қазақстан жерінде бейбітшілік пен достықты нығайту, ұлттық бірегейлікті сақтау, отбасылық құндылықтарды дәріптеу, қоршаған ортаға, табиғатқа ұқыпты қарауды қалыптастыру. №65 ЖОББМ» КММ-і және Қамқоршылық кеңесімен бірге 2022 жылы «Наурыз»мейрамын К.Нокин ауылы тұрғындарымен бірге тойлауға байланысты өткізілетін іс- шаралар жоспарын әзірледі, жоспар бойынша мектеп ауласында өтетін болып шешілді. Наурыз мейрамында мектеп ұстаздарының салтанатты құтықтауымен ашылды. Ауыл тұрғындарын ТІЖО Б.Кабакбаев және «Ұлағат» әкелер мектебінің мүшесі Болатбек Ғалымбек Бердиұлы құтықтады. Ұстаз тарапынан Наурыз мерекесіне байланысты ән шашулар ұйымдастырылды. Мектеп аналар тарапынан бесікке салу рәсімі көрсетілді. Спорттық ойындар арқан тартыс, қол күресі, гир көтеру ұйымдастырылды. Әкелер мектебінің демеушілігімен, спорттық сайыс жеңімпаздары бағалы сувенирлер және ыдыстармен марапатталды. Мереке барысында көже таратылды. Кйіз үйде ас берілді. Мереке соңында ауыл ақсақалы Ауыл тұрғындарына арнап бата берді. Мерекеге Алматы ауданынан өкілі болып Аудандық ЖКХ басшысы қатысып құттықтау сөз сөйледі. Келген қонақтарға ТІЖО Б.Кабакбаев сөз беріп, жүргізіп отырды. **2-ші мәселе бойынша әлеуметтік педагог А.Умар баяндады:**

Биылғы 2022-2023 оқу жылында облыстық бюджеттен аз қамтылған және көп балалы отбасы балаларының жазғы демалысына арнап қаражат қарастырылды. Мектеп бойынша

жылда осы санаттағы оқушыларға жолдама бөліп келеміз. №65 Жалпы білім беретін орта мектеп бойынша жеңілдетілген санат бойынша 68 бала тізімде бар. Жазғы демалысқа баратын оқушылардың жас ерекшеліктері 9-14 жас аралығында бойынша алынады. Лагерге баратын оқушылар толық зерттелініп, жан-жақты қаралып тексеріледі. Қазіргі таңда қала сыртындағы лагерге жіберілетін 10 оқушы бар.

Олар : Рахым Нұрай 7 «ә» сынып

Қыдырбай Әсемназ 9 сынып

Қайсарұлы Аңсар 3 «ә» сынып

Жаңабаев Ернар 3 «ә» сынып

Қожағали Азамат 4 «ә» сынып

Кенжетай Нұрай 6 сынып

Кулмурзаев Ернар 4 «а» сынып

Марат Аяжан 5 «ә» сынып

Омар Рамазан 5 «б»

Жаңабаева Жаңылай 8 «ә» сынып оқушыларын осы аталған мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің шешіміне ұсынамын. Тынығу лагеріне барудан бас тартатын ата-аналардан қолхат алынатын болады. Сонымен қатар, мектеп жанындағы ойын алаңына ерекше санаттағы оқушылардың ішінен, 1-5 сынып аралығындағы 50 оқушыны қамту жоспарлануда.

Г.Көшербаева .- мектеп қамқоршылық кеңесі төрайымы.

Мемлекет тарапынан берілетін жеңілдіктер құжаттарына сәйкес болса тиісті отбасыларына берілуі керек,бірақ әрине іс қағаз сәйкестігі өз мәнінде жүруі тиіс.Себебі ол мемлекет қаржысы.Мен әлеуметтік педогог А.Умардың хабарламасында айтылған оқушыларға құжаттарының осы категорияға сәйкестігіне байланысты, оқушылардың жазда қала сыртындағы демалыс лагеріне баруы туралы ұсынысын қолдаймын.

-Исабекова Алмагүл:

Ұсыныс дұрыс мемлекет тарапынан бөлініп отырған әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларының балалары тиісті құжаттарына сәйкес жіберілсін.

Кеңес мүшелері белгіленген мәселелер бойынша сөйлегендерді тыңдап, мәліметтерді саралай отырып, **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. К. Нокин ауылында « Наурыз» мерекесін мектеп ұжымының село тұрғындарымен ауылдық деңгейде бірлескен мерекелік шарасы қанағаттанарлық деп бағалансын.
2. №65 жалпы білім беретін орта мектебінің әлеуметтік жағдайы төмен немесе аз қамтылған отбасыларынан шыққан 10 оқушының құжаттарының расталуына байланысты қала сыртындағы демалыс лагеріне жіберілсін.

Мәжіліс төрағасы:



Г.Көшербаева

Мәжіліс хатшысы:



А.Умар

Исабекова Алмагүл	кеңес мүшесі
Боқанова Гүлнар	кеңес мүшесі
Қанатбаев Ербол	кеңес мүшесі
Өтегенова Жанар	кеңес мүшесі
Усманова Роза	кеңес мүшесі
Айжарықова Сара	кеңес мүшесі
Сағындықова Румия	кеңес мүшесі
Көбеков Ерболсын	кеңес мүшесі